

КӨПКЕ ҰМТЫЛҒАН ЖАЛҒЫЗ. ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Адамға тән агрессия. 2-бөлім

4-тарау. Адамға тән агрессия



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 4. Адамға тән агрессия

Дәріс: 16. Адамға тән агрессия, 2-бөлім

Әлеуметтік білім, зорлық-зомбылық және бақ

Бірнеше жыл бұрын Альберт Бандура мен оның әріптестері бірқатар классикалық эксперименттер жүргізді. Балалар ересектердің агрессиялы әрекеттері мен көргендерін қайталап қана қоймай, басқа да агрессиялы мінез-құлық көрсеткен. Қысқасы, балалардың агрессиялы әрекеттері ересектерден де асып түсті, яғни біреудің агрессиялы іс-әрекетін көру оларды жаңа агрессиялы әрекетке итермеледі. Біз бұл процесті әлеуметтік білім деп атаймыз.

Әлеуметтік білім алудың құдіретті тетіктерінің бірі – бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе теледидар. Теледидардың балаларды әлеуметтік өмірге дайындауда басты рөл атқаратыны даусыз. Сондай-ақ, теледидардың зорлық-зомбылықты ашық көрсететіні де шындық.

Теледидардан зорлық-зомбылыққа толы оқиғаларды көрген балалар не үйренеді? Ұзақ жылдар бойы жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кішкентай кезінде теледидардан зорлық-зомбылықты көп көрген бала кейін өскенде біреулерге күш қолдануға бейім тұрады.

Теледидардағы зорлық-зомбылық пен бейнеойындардың таңғаларлық әсері

Жағымсыз, жанға ауыр тиетін оқиғалардың графикалық сипаттамасын қайта-қайта көру біздің сезімімізге айтарлықтай әсер етеді екен.

Зорлық-зомбылықты теледидардан көп көрген адамда шынайы өмірде тап осындай жағдаймен бетпе-бет келген кезде ешқандай реакция болмайды, яғни зорлық-зомбылықты бейнелейтін фильмдерді көп көрген олар өмірде болып жатқан осындай оқиғаларға үйреншікті нәрсе сияқты қараған. Қатыгездікті насихаттайтын бейнеойындарына әуес адамдардың арасында да мұндай жағдай көп болады. Бұлар – шынайы өмірге жақындатылған ойындар. Сондықтан мұндай ойындардың әсері де күшті және салдары да жетіп артылады.

Педагог-психологтар Дуглас пен Рональд Гензиллдің айтуынша, бейнеойындар сыныпта тиімді білім берудің бірқатар маңызды компоненттерін қамтиды. Атап айтсақ, бейнеойын барысында сіз әдетте ұқсас әрекетке жеткен кезде немесе басқа ойынға ауысқан кезде контекст өзгереді. Бұл білім берудің кез келген концепциясын нығайтып, бекіте түсумен қатар, оқу барысында бір жағдайдан екінші жағдайға ауысуға мүмкіндік береді. Дәлірек айтқанда, сіз зорлық-зомбылыққа қатысты түрлі бейнеойындарын ойнайтын болсаңыз, ойынға қатысы жоқ жағдайлардың өзінде де сіз зорлық-зомбылық пен агрессия туралы ойда болуыңыз мүмкін. Зорлық-зомбылыққа қатысты бейнеойындарды көп ойнайтындар күнделікті өмірдің өзінде де агрессиялы ойдан арыла алмайтынын, басқа адамдардың әрекетін дұшпандыққа балайтынын және жылдар өткен сайын бұрынғыдан бетер агрессиялы бола түсетінін байқаған.

Бақ, порнография және әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық

Ерлердің әйелдерге зорлық-зомбылық көрсетуі – бұл елдегі айрықша назар аударарлық, көңіл алаңдататын агрессия. Соңғы 30 жылда жүргізілген ұлттық зерттеулерге сүйенсек, зорлау немесе зорлауға әрекеттену сияқты қылмыстың 60 пайыздан астамының бейтаныс адамдарға қатысы жоқ болумен қатар, негізінен, мұндай әрекеттерді құрбан келіскен тұрғыда кездесіп отырған олардың жаңа таныстары жасайды екен. Бұған байланысты не айтуға болады?

Әйелдерді зорлау әрекеттерінің негізгі себебі ер адам «жоқ» деген сөзді бірден қабылдай алмайды, ал бұл олардың жыныстық толысу кезінде алған жаңсақ «жыныстық білімдеріне» тікелей байланысты.

Жыныстық білім – біздің мәдени ортада имплицитті түрде үйренетін әлеуметтік мінез-құлық үлгісі.

Жасөспірімдердің алған жыныстық білімі бойынша, әйел адам ер адамның қырындағанына қарсы болады да, ер адам өзінің айтқанынан қайтпайды. Осылайша, жоғары сынып оқушыларының арасында жүргізілген сауалнамада – жігіттердің 95 пайызы, қыздардың 97 пайызы: «Әйел адам



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 4. Адамға тән агрессия

Дәріс: 16. Адамға тән агрессия, 2-бөлім

«жоқ» деген кезде ер адам өзінің жыныстық қалауын тежей білуі керек» деп жауап берген. Алайда сауалнамаға қатысқан оқушылардың жартысына жуығы әйелдің «жоқ» деуі шын мәнінде «жоқ» дегенді білдіре бермейді деген пікір айтқан.

Сөйтіп, сауалнамаға қатысушылардың пікірі бір жерден шықпады. Сондықтан осы мәселені зерттеген колледждер нақты бір ереже қабылдауды ұйғарды. Аталмыш ережелерге сәйкес, қыз бен жігіт кездесер алдында жыныстық қатынас пен оған қойылатын шектеулер жайлы жан-жақты талқылап алуы керек.

Соңғы бірнеше онжылдықта кісі зорлау қылмысының көбеюі ғаламторда жыныстық қатынастардың ашық көрсетілуімен тығыз байланысты. Дұрыс па, бұрыс па білмеймін. Алайда соңғы жылдары қоғамымыз порнографияны емін-еркін және еш қысылмастан пайдалана бастады. Басында айтып өткеніміздей, кино мен теледидардан көрген зорлық-зомбылық көріністері зорлыққа бастаса, порнографиялық суреттер жыныстық зорлауға алып келуі мүмкін бе? Бұл мәселе жан-жақты талқыланса да, оны болжам ретінде қабылдау тым қарапайым болар еді. Расында да, қолдағы бар мәліметтерді зерттеп, саралай келе, порнография және әдепке жат іс-әрекет мәселесімен айналысатын президент жанындағы комиссия: «порнографиялық материалдар өздігінен жыныстық қылмысқа, әйелдерге қарсы зорлыққа тағы да басқа қоғамға жат әрекетке бастамайды» деген қорытындыға келді.

Алдыңғы сөйлемдегі негізгі екі «өздігінен» деген сөзге түсіп тұр, яғни «өздігінен» сөзі – осы сөйлемнің кілті. Нил Маламут «Қылмысты іс-әрекеттерге порнографияның қандай да бір әсері бар ма?» деген сұрақтың жауабын анықтау үшін бірқатар іргелі зерттеулер жүргізді. Аталмыш зерттеулердің барлығы бұл ретте порнографияның ешқандай зияны жоқ екенін, әйтсе де жыныстық және зорлықтан тұратын порнография әйелдерді жыныстық қатынасқа зорлап көндіруге итермелейтінін, бірақ мұндай іс-әрекет, ең алдымен, ер адамның агрессиялы мінез-құлқымен тікелей байланысты екенін көрсетті.

Маламут та дәл осындай экспериментті жүргізіп, онда колледждің студент жігіттеріне екі эротикалық фильмнің бірін көрсетеді. Бірінде ересек жұптың өзара келісіп жыныстық қатынасқа түсуі көрсетілсе, екіншісінде, зорлау көрінісі болады. Көрсетілім біткеннен кейін студенттерден жыныстық тақырыпта қиялдауды өтінген. Өз еркімен жыныстық қатынасқа түскендер жайлы фильмді көрген студенттерге қарағанда, зорлау көрінісі бар фильмді көргендердің қиялында зорлау, мәжбүрлеу тұстары көбірек болды. Маламут пен Чек жүргізген тағы бір экспериментте студенттерге жыныстық зорлық-зомбылықты ашық көрсететін фильм мен зорлық-зомбылық және жыныстық актілер жоқ басқа фильмнің бірін көрсетеді. Бірнеше күннен кейін сол студенттер жыныстық көзқарас сауалнамасын толтырады. Жыныстық зорлық-зомбылық көріністері бар фильмді көрген еркектер әйелдерге қарсы зорлықты бұрынғыдан бетер құптайтындықтарын білдіреді. Сонымен қатар, олар әйелдер зорлауға өздері итермелейді және одан ләззат алады деген сияқты кейбір аңыздарға сенетіні туралы жазған.

Жалпы алғанда, зорлау жайлы аңызға сену ерлерге ғана тән емес екенін айта кеткен жөн. Университетте жұмыс істейтін әйелдер арасында жүргізген сауалнамада Маламут пен оның әріптестері әйелдердің көбі жыныстық күш көрсетуден ешқандай ләззат алмаса да, басқа әйелдердің ләззат алатынына сенетіндігін анықтады. Агрессиялы порнографияны көрген еркектер жыныстық зорлау жайлы аңызға бұрынғыдан да бетер сене түсетін сияқты. Алайда бұл аңыз біздің ішкі, тамырын тереңге жайған сенім жүйеміздің бір бөлігі бола алмайды. Мысалы, бір зерттеу кезінде порнографиялық тұрғыдан агрессиялы деп атауға болатын фильмді көрген колледж студенттерінің зорлау жайлы аңызға деген сенімдері арта түскен. Алайда фильм біткен соң оларға өткізіліп жатқан тәжірибе жайлы айтылады. Сол кезде олардың бұл аңызға бұрынғыдай сенбейтіндері байқалған.

Тәжірибе нәтижесі ойымыздан шыққан сияқты. Әйтсе де оған қуануға әлі ертерек. Өйткені нақты деректерден көріп отырғанымыздай, порнографиялық суреттерді немесе фильмдерді ұдайы көру эмоцияның жойылуына және әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа немқұрайды қарауға алып келеді. Жыныстық қатынасты аз көрсететін, әйтсе де аса қатыгез әрекеттерге толы ересектерге арналған әдепсіз фильмдер – қатыгез әрекеттер бейнеленбеген әдепсіз фильмдерден де қауіпті. Бір зерттеуінде студент жігіттерге арасына екі күн салып екі әдепсіз фильм көрсеткен Дэниэл Линц пен оның әріптестері олардың эмоциясындағы өзгерісті байқаған.



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 4. Адамға тән агрессия

Дәріс: 16. Адамға тән агрессия, 2-бөлім

Басқаша айтқанда, студенттердің екі фильм жайлы реакциясын салыстырған кезде, олардың фильмдегі зорлықшылдық көріністеріне аса мән бермегенін және фильмде көрсетілетін әйелдермен қатынас жасаудың әртүрлі тұрпайы тәсілдерін айыптамайтынын байқаған. Зерттеушілер әдепсіз және өте әдепсіз порнофильмдердің, сондай-ақ, жасөспірімдердің жыныстық қатынасы жайлы фильмдер ерлердің зорлау құрбандарына қатысты пікіріне тигізер әсерін салыстырып көреді. Екі күн өткен соң сынаққа қатысушылар сырт қарағанда зерттеуге қатысы жоқ сияқты бір тәжірибеге қатысып, зорлауға қатысты сот ісін талқылайды және зорлық құрбаны мен күдікті жайлы пікірлерін білдіреді. Бұл жолы да әдепсіз фильмдердің еркектердің көзқарасына қатты әсер еткені байқалады. Зорлық көрінісі жоқ порнография немесе жасөспірімдердің жыныстық қатынасы жайлы фильм көргендерге қарағанда, зорлыққа толы әдепсіз фильм көргендер сот ісі кезінде зорлық құрбанына айтарлықтай жанашырлық танытпаған. Бұдан шығар қорытынды, қоғамымыздағы фильмдерді бағалау жүйесінде нақтылық жоқ және мұндай бағалау жүйесі жұртшылық арасында қате түсінік қалыптастырады: жыныстық актілер ашық көрсетілгенімен, зорлық-зомбылық көрінісі жоқ фильмдерге әдепсіз деген баға беріп, X категориясына жатқызса, зорлық-зомбылықтан тұратын қорқынышты фильмдер R категориясына жатқызылып, олардың кері әсері дәлелденсе де, ешқандай шектеу қойылмай, барлық адамдарға еркін көрсетіліп жүр.

Қорытындылай келе айтарымыз, порнографиялық фильмде болсын, қорқынышты фильмде болсын жыныстық қатынас пен зорлық-зомбылықтың қатар көрсетілуі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылатын зорлық-зомбылық насихатынан кем әсер етпейді. Соның салдарынан агрессия күшейіп, адамдар көп жағдайда зорлық-зомбылыққа кешіріммен қарай бастайды. Зорлыққа толы фильмді көрудің катарсистік әсері болмайды, керісінше, мұндай фильмдер агрессиялы әрекетке бастайды. Цензура енгізуге автор қарсы болса да, зерттеу нәтижесі бұқаралық ақпарат құралдары жайлы шешім қабылдаушыларды алдағы уақытта ойланып әрекет жасауға итермелейді деп үміттенеді.

Зорлық-зомбылық сатыла ма?

Осы дәрісімізде айтып кеткеніміздей, телешоулардың жартысынан көбінде зорлық-зомбылық көрсетіледі. Мұның себебі айқын: телепродюсерлер мен жарнама агенттері зорлық-зомбылық оқиғаларын көрсету арқылы көрерменді көбірек тартып, өнімдерімізді тезірек өткіземіз деп ойлайды. Алайда бұл – қате түсінік. Авторды қате түсініп қалмаңыздар. Ол зорлық-зомбылыққа толы шоуларды ешкім білмейді деп отырғаным жоқ. Кез келген америкалық зорлық-зомбылықтың теледидардан насихатталуына келіспейтін болар. Алайда олар мұндай фильмдерді немесе хабарларды көре береді. Солай екені рас. Бірақ, бұл «зорлық-зомбылық сатылады» дегенді білдірмейді. Қалай болғанда да жарнаманың мақсаты – өнімді сату. Қандай да бір шоу-бағдарламаның адамды психикалық күйзеліске алып келуінің нәтижесінде демеушінің өнімі ұмытылып кетсе не болар еді? Адамды психикалық күйзеліске алып келетін шоу-бағдарлама кезінде жарнамаланатын демеуші компания өнімінің көрермен назарынан тыс қалмасына кім кепілдік бере алады? Адамдар өнімнің атын есіне сақтамаған жағдайда, ол зат сатылмайды.

Зерттеулер көрсеткендей, жыныстық қатынас пен зорлық-зомбылықтың адамдар назарын өздеріне аударатындығы соншалық – жарнамаланып жатқан өнімге ешкім көңіл бөле қоймайды. Мысалы, Брэд Бушман мен Анжелика Боначи адамдарға зорлық-зомбылықты, жыныстық қатынасты, сондай-ақ бейәдеп көріністерді теледидардан көруге мүмкіндік береді. Әрбір бағдарламада тоғыз жарнама болған. Шоуды көргеннен кейін көрермендерден жарнамада көрсетілген брендтерді еске түсіріп, оларды супермаркет сөрелері бейнеленген суреттен көрсетуін сұрайды. Жиырма төрт сағат өткеннен кейін оларға қоңырау шалып, көргендерін еске түсіруді сұрайды.

Бейтарап зорлық-зомбылықсыз, жыныстық қатынас ашық көрсетілмейтін шоуды көрген адамдар зорлыққа толы немесе жыныстық қатынас ашық көрсетілетін шоуды көрген адамдармен салыстырғанда, өнімдерді естерінде жақсы сақтаған. Фильмді көре салысымен де, көргеннен кейін 24 сағат өткеннен кейін де барлық жастағы ерлер мен әйелдер тура осындай нәтиже көрсеткен. Зорлық-зомбылық пен жыныстық қатынас көрермендердің есте сақтау қабілетіне кері әсер етеді.



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 4. Адамға тән агрессия

Дәріс: 16. Адамға тән агрессия, 2-бөлім

Сондықтан жарнама жасаушылардың зорлық-зомбылықсыз көрсетілімдерге демеушілік жасағаны орынды.

Қоғам назарын аудару мақсатындағы агрессия

1992 жылғы Лос-Анджелестің оңтүстігінде болған бүліктен кейін АҚШ президенті болған оқиғаға қатты алаңдайтынын және жұмыссыздарға көмек көрсетіп, жаңа жұмыс орындарын ашатынын мәлімдеді. Осы бүлік болмаған жағдайда президент жергілікті жұмыссыздарға осыншалықты көңіл бөлер ме еді? Адамдарға немқұрайды қарайтын қоғамда қысымға ұшыраған азшылық қолында билігі бар үстем таптың көңілін аударудың ең экспрессив әдісі ретінде агрессиялық әрекетке жүгінеді. Уоттста, Детройтта немесе Лос-Анджелесте болған көше толқуларының көп жылдар бойы бай адамдарға АҚШ-тағы саны аз этникалық және нәсілдік топтардың ауыр жағдайына көңіл бөлу керек екенін ескертіп отырды. Нью-Йорктің Аттика түрмесінде болған қанды қырғын түрмені реформалау шараларын жеделдетуге алып келгенін ешкім жоққа шығармайды. Мұндай нәтиженің құны адам өмірімен өтелуі керек пе? Мен бұл сұраққа жауап бере алмаймын. Бірақ әлеуметтік психолог ретінде, «зорлықты туғызатын жағдайды өзгертсек, зорлықты да тоқтата аламыз» деген пікірдің қате екенін айтқым келеді. Зорлық зорлықты туғызады. Мұны жауына қарсы шыққан құрбанның әрекетінен ғана емес, бар кінәні дұшпандарына аударып, өз әрекетін ақтап алғысы келетін, осылайша оларға қайта шабуылдау мүмкіндігіне қол жеткізетін қылмыскердің арам ойынан да байқауға болады.

«Соғысты тоқтататын – соғыс, ал әділетсіздіктің жолын кесетін әрекет – бүлік» деген тұжырыммен келісуге болмайды. Керісінше, агрессиялы мінез-құлық дәл сондай көзқарасқа алып келеді, ал мұның соңы агрессиялы іс-әрекетке ұласуы ғажап емес. Сондықтан біз балама шешімге қол жеткізуіміз қажет. Мінез-құлықтың агрессиялы емес формасы қақтығыс туғызбай-ақ, әлеуметтік қиындықтарды шешуге көмектесуі мүмкін. Көптеген тәжірибелерден байқағанымыздай, қатыгездікті қалаған уақытымызда ауыздықтай алмаймыз. Қатыгездік – кез келген уақытта ашып-жаба салатын су құбыры емес. Зорлық-зомбылықты азайту жолын іздеу керек. Тығырықтан шығар бір ғана жол – осы. Зерттеу нәтижелері соны дәлелдеп отыр. Ал біз болсақ, агрессиялы әрекет кезіндегі фрустрацияға әкелетін әділетсіздікті азайтуға тырысуымызды қояр емеспіз.

Зорлық-зомбылықты азайту жөнінде

Осы уақытқа дейін біз көбінесе агрессиялы мінез-құлықты күшейтетін факторлар жайлы сөз қозғадық. Агрессияға бейімдігімізді азайтуды өзімізге мақсат етіп қойсақ, жетістікке қалай жетуге болады? 1970 жылдардың басында Америкадағы психологтар ассоциациясының бұрынғы президенті:

«Әлемдегі зорлық-зомбылықты азайтудың бір тәсілі – қаталдыққа қарсы дәрі жасау» деген ой айтты. «Жүректі жұмсартатын мұндай дәрілерді ұлт басшыларына беру керек» деген ұсыныс жасады.

Оның бұл ниетін түсінуге болады. Тіпті көңіл толқытарлық ізгілікті ниет дер едім. Алайда дәріні қолданушылардың пиғылын, ой-ниетін өзгертпейінше, қатыгездікке қарсы дәріден еш пайда болмас еді. Өйткені химиялық препараттар көп жағдайда психологиялық процестерді өзгертуге дәрменсіз. Жігерлі, жасампаз, батыл және іскер қасиеттерге ие биязы, тыныштықты қалайтын адамдар Альберт Эйнштейн секілді – физиологиялық және психологиялық күштердің бірігуі арқылы және туа берілген қабілеттер мен жүре берілген құндылықтардың нәтижесінде бой көрсетеді. Химиялық заттың осындай нәзік нәтижеге қол жеткізуін көз алдыңа елестетудің өзі мүмкін емес. Сондай-ақ адам мінез-құлқын химиялық препараттармен ретке келтіру Оруэлл қорқынышын еске түсіреді. Мұндай әдістерді қолдануды біз кімге сеніп тапсыра аламыз?

Бұл мәселенің шешімін табу оңай болмас. Әйтсе де осыған дейінгі зерттеу материалдарына сүйене отырып, мәселенің шешімін табуға көмегі тиер мүмкіндіктерді қарастырып көрелік.



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе
Тарау: 4. Адамға тән агрессия
Дәріс: 16. Адамға тән агрессия, 2-бөлім

Таза ақыл

Агрессиялы әрекеттер салдарынан пайда болатын қауіп-қатер мен қайғы-қасіретті сипаттайтын, логикаға негізделген және ақылға қонымды аргументтер жиынтығын жасай алатынымызға толықтай сенімдіміз. Автор осы дәлелдердің дұрыстығына көп адамның көзін жеткізе алады. Мәселен, соғыстың адам баласына тек қайғы-қасірет әкелетінін, және еш уақытта зорлық-зомбылыққа жол беруге болмайтынын елдің бәрі біледі. Соған қарамастан, өмірде агрессиялы әрекетке тыйым болмай тұр. Тіпті, агрессия болмауы керек деп ойлайтын адамдардың өздері де, бұл іс-әрекетінің ешқандай ақылға сыймайтынына әбден көздері жеткенше, агрессиялы мінез-құлық көрсете береді. Аристотель шамамен 2000 жыл бұрын айтып кеткендей, «көп адам рационалды дәлелге сене бермейді, себебі, білімге негізделген дәлелді санаға сіңіру қажет, алайда санасында саңылауы жоқ адамдар да толып жатыр». Сондай-ақ, агрессияны бақылау мәселесі адам өте кішкентай кезде, ерте балалық шақта пайда болатын мәселелер қатарына жататындықтан, логикалық дәлелдердің айтарлықтай мәні жоқ екені белгілі болды.

Осыған байланысты әлеуметтік психологтар сендірудің баламалы тәсілін табуды көздеді. Бұлар, негізінен, балалар үшін ойластырылған тәсіл болғанымен, мұны ересектерге де қолдануға болады.